


ELEMENT

FOR THE

Түркі руна жазбаларын түгендеуші



Бүгінде белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор атанып отырған Токболат Еңсегенұлы облыстық газеттің қызметкері болып жүріп-ақ ғылымның соңына түскен, сол кездердің өзінде ғылым кандидаты атағына қол жеткізіп үлгерген бесаспап журналист еді. Күнделікті шығып тұратын мерзімді басылымда қызмет ете жүріп, ғылыммен айналысудың қаншалықты қиын тірлік екенін көбіміз шамалай аламыз. Осылай ілім іргесіндегі ілкі қадамын жасап қойған Тоқаң 90-шы жылдарының басында ақыры бір жағына шығып, біржола ғылымның соңында кетті. Сөйтіп, облыстық «Сыр бойы» газетіндегі бөлім меңгерушілігін Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтындағы аға оқытушы қызметіне алмастырды.

Мұның өте бір оңды шешім болғанын көп ұзамай байқадық. Бұрыннан жазушы, сыншы, журналист ретінде өзін көрсеткен ғалым салаға келгеннен бұрынғы бейнеткештігіне белес аралай тартты. Және филология ғылымының таптаурын болған тараптарын емес, әлі де болса толық игеріліп біте қоймаған Орхон-Енисей жазулары жағының жалына жармасты. Тоқаң осыдан бастап білімнің шынында инемен құдық қазғандай бейнет екенін білдіретін ізденіс жолына іркілмей бет қойды. Арада бірқатар жылдар өткесін ғалым көне түркі бітік-сына жазулары әлеміне бекер беттемегенін көрсете бастады. Осы іргелі ізденістер нәтижесінде көптеген құнды еңбектер бұрқырата жазылып, оның аяғы кітап болып басылып шығып жатты. Сол кезде Тоқанды жақсы білетін, аралас-құралас жүрген ағайын түгел бұл кісінің ғылымға дер кезінде ауысып үлгергеніне разылық пен сүйініс танытып еді.

Енді, міне, Токболат Еңсегенұлының соншама жылдардан бері зерттеп жүрген басты тақырыбы – көне түркілердің жартастар мен қағазға түсірілген төл жазулары туралы еңбек 5 томдық болып жарыққа шығып отыр. Ғалым осылайша ежелгі түркі руна жазулары жөніндегі зерттеулерін халықаралық

деңгейге тұңғыш рет тұтастай алып шықты. Бұл монографияларда Енисей, Талас, Алтай, Тұрфан және Орхон бойларындағы көне түркі шығармалары мүмкіндігінше түгелдей қамтылған. Жай қамтылып қана қойыла салмаған, сонымен бірге тастар мен қағаздағы негізгі мәтіндер бір жүйеге келтіріліп, транскрипциясы жасалып, қазақ тіліне аударылып, бірден пайдалана беретін дайын дүниеге айналған. Кітаптарда түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, әдебиеті, салт-дәстүрі, жазуы, бейне-суреттері, кәсібі, қаһармандық ерлігі, түркілік мінезі, түркілік рухы, түркілік философиясы түгел назарға алынып, синтездік тұрғыда тереңдетіле талдау жасалған екен.

Көне түркі руна жазба шығармалары поэзиялық үлгіде жасалғаны ғылыми негізде дәлелденіп, халықаралық деңгейде мойындалды. Осыған орай, аталмыш рухани мұралардың жанры, құрылысы, мазмұны, образы, көркемдік ерекшелігі, дәстүр жалғастығы, байырғы даналық шығармалармен сабақтастығы арнайы тексеріліп, орнықты тұжырымдармен түйінделген. Осы арқылы оқырман көне түркі алфавитінің ежелгі мысыр, шумер, қытай жазуларымен жарыса туғанына көз жеткізе алады. Соның ішінде түркі сөзі, түркі атауы қашан, қалай пайда болғаны ғылыми негізде біршама дәлелденіп көрсетіледі. Мұнда, сондай-ақ, көне түркі руна жазба ескерткіштерінің қазақ халқына қаншалықты қатысы бар екені тарихи деректермен, теориялық түйіндеулермен, нақты мәліметтермен білдіріледі. Сак, ғұн, үйсін, қаңлы, қыпшақ секілді көптеген байырғы тайпалардың қазақ халқының құрамын қалай құрағаны, қазақтың арғы тегі мен «қазақ» деген сөздің қай заманда қалай туғаны жөнінде ғылыми байлам жасалады.

Әлбетте, қазір бес томдық еңбектің әрбіріне жеке-жеке тоқталып өту мүмкін емес. Ал олардың ғылымға қосқан үлесінің орасан зор екенін екі ауыз сөзбен түйіндеп айтуымызға толық негіз бар. Бұған қоса, әр томның көтеріп отырған өзіндік жүгі, тақырыптары бар екенін де айта кеткен ләзім. Мәселен, бірінші том «Енисей бойындағы көне түркі руна жазба өлеңдері, оған қазақ тайпаларының қатысы» деп аталады. Онда тақырыпты зерттеудегі тарихи және теориялық негіздемелер, түркі руна жазба шығармалары мен философиясы, қазақ таңба-бейнелері арасындағы үйлесімділік, қазақ халқының арғы тегі, қазақ тайпаларының түркі руна жазуын жасауға қатысы сөз етіледі. Ал «Ырқ бітігі» кітабы және қазақ шығыс даналығы» деп аталатын екінші том ұлттық ғылымда бұрын-соңды қозғалмаған күрделі тақырыптарды қауазайтынымен есте қалады. Сол сияқты «Алтай, Талас жазбалары: уақыт пен кеңістіктегі көне түркі іздері» деген атпен жарық көрген үшінші том осы уақытқа дейін Таулы Алтай жоталарынан табылған 83 көне түркі руна жазба ескерткіштерінің төңірегінен сыр шертсе, «Күлтегін ескерткішінің сарыны және қазақ тайпаларының іздері» қазір тасқа түскен 500-ден астам ескерткіштер ауқымынан арқау тартады. Бәрінің соңындағы «Түркі империясын құрудағы Орхон жорық жазбалары және қазақтың батырлық жырлары» деген кітап ежелгі бабаларымыз жасаған көне мәде-

ниетіміздің, әсіресе, түркілік дәстүрдің жоғалып кету қаупінде тұрғанын қаперге салады.

Қорыта келгенде, профессор Тоқболат Еңсегенұлы көне түркі руна жазуларын зерттеп, оны тұтас бір әлем етіп жасап шығаруда орасан зор еңбек атқарған. Бұған осы бес томдық еңбек толық куә. Осыған қарап тұрғанда, тақырыбын тапқан ғалымның өз мақсатын жете алғанына ешбір күмәніміз қалмайды.